

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance .....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер .....	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы .....	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks .....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері .....	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоаралындағы діни топонимдер .....	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham's work «The moon and sixpence» .....	69

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі .....	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы .....	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова .....	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән .....	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality .....	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты .....	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау .....	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты .....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы ....	181

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту .....	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау .....	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде .....	211

\*Г.Ж. ПИРӘЛІ<sup>1</sup>



А.П. ҚҰРМАНБАЙ<sup>2</sup>



Ж.Б. СӘРСЕНБАЕВА<sup>3</sup>



М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан<sup>1,2,3</sup>  
(e-mail: [pirali58@mail.ru](mailto:pirali58@mail.ru)<sup>1</sup>, [aizankurmanbai@gmail.com](mailto:aizankurmanbai@gmail.com)<sup>2</sup>, [s.zhansulu.kz@mail.ru](mailto:s.zhansulu.kz@mail.ru)<sup>3</sup>)

### \*НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА МЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**Аңдатпа.** Мұхтар Әуезовтің абайтанудың негізін қалап, жүйелі зерттеу жүргізіп, осы саланың дамуына үлкен ықпал еткен ғалым екені белгілі. Бала күнінде ұлы ақынмен кездесу сәтінен бастап Абай ілімін танып, оны зерделеп өскен жазушы-ғалым өсе келе де осы жолда көп тер төгіп, ілгері жылжуына әсер етті. Бұл ретте Алаш қозғалысы кезінде өзінің белсенділігімен, қайраткерлігімен талай мәселелерді шешіп, ағартушылықпен айналысқан Нәзіпа Құлжанованың да рөлі орасан зор болды. Талай Алаш арыстарының көзін ашып, білім берген Н. Құлжанова шәкірттерінің Абайды танып, оның ілімін ұғынуы жолында көп еңбек етті.

Мақалада ұстаз Н. Құлжанова мен шәкірт М. Әуезовтің абайтану ілімін қалыптастыру жолы және оның шығармашылығын екі тілде қатар насихаттап, танытуына мән берілген. Олардың руханият жолына сіңірген еңбектері сараланған. «Абай» журналының шығу негіздері жайы айтылады. Абай әндерінің зерттелуіне кеңірек тоқталады. Абайтану ілімін қалыптастыру жолындағы қос тұлғаның жасаған еңбектері сараланады. Авторлар қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы абайтанушы Н. Құлжанованың ағартушылық жолындағы өзге де ізденістерін тізбектеп көрсетеді. Оның ақындық, жазушылық, ұстаздық, аудармашылық еңбектеріне назар аударылады.

**Түйін сөздер:** абайтану, алаштану, архив, тарихи деректер, мәтін, көсемсөз.

**Кіріспе.** Көрнекті суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 1903 жылы ашылған Семей қаласында Батыс Сібір оқу округіне қараған мұғалімдер семинариясында оқығаны белгілі. Бастауыш училищелер мен бастауыш орыс-қазақ мектептеріне және ауылдық қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын семинарияның оқу мерзімі 3 жылдық (3 класты) болды. Қазақтың алғашқы зиялылары, сауатты жастары білім алған оқу орнында дін сабағы, орыс тілі, шет ел тілі (неміс, француз) қазақ тілі, математика, тарих, география, жаратылыстану, сызу, ән-күй, қол еңбегі сынды пәндер оқытылды. Мұқтаж кедей балаларына арнайы «Қазына стипендиясы» тағайындалды. Мұхтар Әуезов те «Земский стипендиясын» алып оқыды (1915-19). Жазушы бұл туралы «15-інші жыл городское училищені бітіріп, күз семинарияға түстім. Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім» [1], – деп жазды.

Семинарияда Мұхтар Әуезов кезінде Алаштың алғашқы құрбаны атанған Қазы Нұрмұхамедовпен, кейін өзіне, қызы Мұғамилаға қамқоршы болған Ахметбек

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Сейсенбаевпен (Ахметбек Шикибаев) бірге дәріс алды. И. Малахов, В. Попов, В. Белослюдов, С. Степанов, Н. Құлжанов, Н. Құлжанова сияқты білікті ұстаздардың дәрісін тыңдады.

Мұхтар Әуезовке дәріс берген ұстаздар қатарында аталған Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар жөнінде не білеміз? Осы ретте «Мұхтар Әуезов энциклопедиясына» жүгінсек: «...Құлжанов Нұрғали (1878-1919) Әуезовтің мұғалімдер гимназиясындағы оқытушысы. ...Әуезов Құлжановтар отбасын шәкірт кезінен бастап өте жақсы білген...ерлі-зайыпты екеуінен гимназияда оқып жүрген шағында дәріс алған. Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардан оқыған шәкірттердің арасында Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев, Ы. Мұстамбаев, Б. Сәрсенов, Т. Жомартбаев іспетті қазақтың айтулы ғұламалары мен жазушылары бар» [2, 393]. Осы жайлы толығырақ жазған Қ. Жарықбаев Нұрғали Құлжановтың жұбайы, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы ұстаз, қайраткер, қаламгер Нәзипа Сағызбайқызы (1887-1934) жөнінде де толық мәлімет береді.

М. Әуезов қана емес көптеген қазақ зиялыларының, Алаш арыстарының басым көпшілігі, атап айтсақ, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаевтардың ұлағатты ұстазы бола білген Нәзипа Құлжанова туралы тақырып бүгінгі оқырманға сөз жоқ, қызықтырары хақ. Әсіресе, Мұхтар Әуезов пен Нәзипа Құлжанованың ұлтқа қызмет етудегі ұстанымдарының ұқсастығы назар аудартпай қоймайды.

**Әдістеме мен зерттеу әдістері.** Білім алып жүрген сәтінен бастап-ақ ұлт қамы үшін жанкештілікпен күрескен Алаш қайраткерлерінің бірі Нәзипа Құлжанова 1905 жылдан бастап Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында шәкірт даярлап, ұстаздық қызмет етеді. Ұстаз, этнограф, аударшамы, әрі журналист қызметтерін қатар атқарған ол осы семинарияда қабырғасында абайтану саласын қалыптастырып, шәкірттерін осы бағытта ізденіс жасауға баулиды. Әсіресе, бұл жолда ерекше еңбек етіп, бұл саланың дамуына үлес қосқан шәкірттерінің бірі Мұхтар Әуезовтің ізденісі сол сәтте-ақ назар аудартпай қоймайтын.

Мақалада М. Әуезов пен Н. Құлжанованың Абайтану саласын қалыптастырудағы рөлі мен олардың атқарған еңбектері архив негізінде зерттелді. Олардың «Абай» журналын шығарудағы рөлі, Абай әндерін зерттеуі, сонымен қатар Абай шығармашылығы туралы қос тілде материалдар жариялауына баса назар аударылды.

Зерттеу мақаласын дәйектеу мақсатында Н. Құлжанованың шығармаларының жинағы [3], М. Әуезовтің музей-үйінің мұрағат қорында сақталған жазушының қолжазба деректері [1], жазушының қызы Л. Әуезованың естеліктері мен зерттеулері [4], абайтанушы М. Мырзахметовтің еңбектері [9], М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әуезовтану бөлімінің құрастыруымен шыққан ұжымдық монографиялар басты назарға алынды [7].

Сондай-ақ мақаланы жазу барысында жүйелеу, саралау, талдау әдістері қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш педагог, журналист-көркемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың қайраткерлік тұлғасы Семей қаласында 1914 жылы 26 қаңтарда ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толу датасына орай «Приказчиктер үйінде» ұлт руханиятындағы алғашқы әдеби, мәдени, этнографиялық кешті ұйымдастыру жұмысында айрықша танылып, биіктегені белгілі. Қазақ әдебиеті тарихынан ерекше орын алатын оқиға Н. Құлжанованың ұлы ақын шығармашылығын тұңғыш зерттеуші, алғашқы абайтанушы екендігінен де айрықша сыр беретін құнды тарихи дерек.

Бұл жөнінде Семей мемлекеттік медицина институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы М. Имашев: «Ыбырай Алтынсариннің «үміт еткен достарының бірі» Нәзипа Құлжанова туралы тың деректердің Санкт-Петербург Мемлекеттік архивінен аса құнды материал табылғандығын айтып, таныстырады. Бізде М. Әуезовтің өмірі мен творчествосына тікелей қатысы бар тарихи тұлға, қай салада да тұңғыш деген мәртебені иеленген, қазақтың әйелдер қауымының бетке ұстар мақтанышы болған Нәзипа Құлжанова туралы жаңа деректер барша оқырманға қажет құнды дүние деп ойладық. Торғай облысындағы әйелдерге арналған жалғыз орталау оқу орны – Қостанай



орыс-қырғыз (қазақ) әйелдер гимназиясын сол жылдары 14 әйел бітіргені, оның ішінде өз ортасынан озық оқыған Нәзипаның 4 жылдық курсты өте жақсы оқып, 1903 жылы тәмамдап, Торғай әйелдер училищесінің мұғаліміне көмекші болып тағайындалғаны, ал «Киргизская степная газетаның» бір санында әр оқу жылындағы қысқы демалыстарда жатақханада жалғыз Нәзипаның ғана қалып қоятындығы жөніндегі факті де тың, қызықты. Біріншіден, бесіккерді құдалық жасалып қойғандықтан содан қашып бармайтындығы, екіншіден осында жүріп танысқан Қостанай уезіндегі Жігіқара-Шұбар болыстық мектебінің мұғалімі, болашақ жары Нұрғалимен кездесуі.

Ерлі-зайыпты Құлжановтардың 1904 жылы Семейге келіп тұрақтап қалуы олардың шығармашылық бағыттарын біржола айқындап, өз қабілеттерін аша түсуге жол ашқандай. Әсіресе Абайдың өнерлі балаларымен, шәкірттерімен және оларды білетіндермен жақындасуының өзі шығармашылықтарының өсуіне ықпал еткен. 1909 жылы Кәкітай Ысқақұлының бастырып шығарған Абай кітабының қолдарына тиюі олар үшін үлкен қуаныш болды. Абайды орыс пен қазақ халқына бірдей насихаттауға қызу кірісті. Бұл игі істі Құлжановтар арқаның бірсыпыра елді мекендерінде түрлі ойын-сауықтар, кейін әдеби-музыкалық кештер өткізуден бастаған. 1918 жылы жазда Қарқаралы уезінде осындай әдеби кештердің өткізілгенін белгілі шығыстанушы Г.Н. Потанин жазбаларынан көреміз», – деді [3, 65].

Мұхтар Әуезов пен Нәзипа Құлжанованың Абайды танулары мен танытулары, екі тілде насихаттаулары да рухани үндестігін, туыстығын танытады. Қазаққа қызмет етуде өзіне еншілеген ең тиімді әдісі, ағартушылық арманы ұлттық ойын-сауықтарды кеңінен насихаттап, ән-күй, поэзия кештерін өткізіп, жастардың санасын ояту екендігін Нәзипа Құлжанованың осы Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған әдеби-музыкалық кештің репертуарына Абай мен Ыбырай өлеңдерінен мәнерлеп оқу үрдісін, ақын әндерінен концерттік қойылым, «Біржан-Сара», қыз бен жігіт айтыстарын сахналау сияқты жақсы дәстүрлерді енгізуі тағылымы зор мысал бола алады. Қазақ даласында алғаш рет ұйымдастырылған әдеби кеште Нұрғали Құлжанов «Біржан мен Сара айтысының тарихы» туралы баянсөз айтса, қала жастары мен мұғалімдер семинариясының ұжымы (бүгінгі М. Әуезов атындағы республикалық педколледж) Біржан мен Сара айтысынан қойылым көрсеткен. Біржан рөлінде әйгілі жазушы Ж. Аймауытұлы болса, Сараның бейнесін Тұрар Қозыбағарова (Алаш арысы Ахметжан Қозыбағаровтың жары) сомдаған. Асылында, Нәзипаның сценарий бойынша «Біржан-Сара» қойылымы үлкен сахнаға шыққан қазақ руханиятындағы тұңғыш спектакльдік ойын еді. Әдеби-музыкалық кештің 2- бөлімінде Нәзипа Ыбырайдың «Жаз өлеңін», Қаныш Сәтбаев «Бұлбұл мен есек», Әлмағанбет Қапсәлемұлы Абайдың «Татьяна хаты» әнін салса, Жүсіпбек пен Қаныш мандолина мен балалайка ойнап, өнер көрсеткен. Ал 3-бөлімде Жанақ ақын мен баланың айтысы өтеді. Осындай естен кетпес тарихи кештің әлі күнге дейін тағылымдық, тәрбиелік құндылығы кемімей, әдебиет тарихынан орнын алып келеді [4, 42].

Жоғарыдағы әдеби-мәдени кешке Семейдің 5 кластық қалалық училищесінде оқып жүрген Мұхтар Әуезов те қатысты. Ұлы жазушы бұл кеш туралы өзінің «Қазақ халқының ұлы ақыны» мақаласында тебірене жазғаны да белгілі. Сол кезең үшін үлкен рухани құбылыс болған ақын кеші жөнінде «Айқап» журналының 1914 жылғы №4 санында берілген ақпаратта: «...Нәзипа сөзінің аяғында «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да Абай секілді білікті, одан да артық данышпандар туғызар» дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйесі босап, көзіне жас алғандары болды... Нәзипаның орысша сөйлегеніне орыстар таң қалды»,–деп сипаттап, әлеуметке қуана мәлімдеген» [5, 4]. Орыс, қазақ тілдеріндегі сөзге жүйрік Нәзипа Құлжанованың екі тілде бірдей жасаған «Абайдың өмірі мен ақындық жолы жайлы» деген орыс тіліндегі баяндамасы көпшіліктің көңілінен шығып, өзге ұлт өкілдерін де тәнті еткен.

Одан кейінгі жылдары да Абай мен Ыбырай шығармашылығына арнап өткізген әдеби кештер жалғасып, жұртшылықтың рухани талабына сай өріс алып жатты. XX ғасыр басында әлі толық таныла қоймаған Абайдың творчестволық табиғатын танытарлық өрелі

сөз айту терең білімдарлықты, аналитикалық талдау қабілеті мен қасиетін қажет ететінін ескерсек, сөз жоқ, Нәзипа Құлжанованың үлкен талант иесі екендігіне көз жеткіземіз.

Алаш зиялылары, көрнекті ағартушылар Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа қазақтың білімге құштар жастарын көбінде өздерінің табиғатына жақын ұлттың ән-күйлері, жыр дастандары, айтыс өнері, ұлы ақын Абай шығармалары арқылы тәрбиелеуге бетбұрыс жасайды. Оның ең үздік үлгісі де жоғарыда аталған алғашқы әдеби кеш. Абайтану саласындағы алғашқы бастамасы Нәзипаның тұрақты тақырыбы болғаны да, оны оқушыларының санасына сіңіріп, тәрбие құралы етуі заңды құбылыс еді. Абайдың өлеңдерін алты жасынан жаттатқан атасы Әуез арқылы поэзияға әуестенген Әуезовтің Абайға деген махаббатын одан әрі тереңдеткен де осы Нәзипа, әртүрлі тақырыпта өткізіп отырған дәрістері мен әдеби кештердің әсері де болуы мүмкін.

Сол кезеңнің өзінде екі тілде бірдей әдеби, ғылыми баяндамалар, аудармалар жасап, ұлы ақын шығармашылығын насихаттауда зиялылық танытқан Н. Құлжанованың шәкірттері Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің «Абай» журналын ашуына да кеңестер бермесіне кім кепіл? Абайтану ғылымының іргесін қалаған алғашқы Алаш зиялыларының зерттеу еңбектерінің де осы Нәзипа ұстаздық еткен оқу орнынан басталуы да тегін болмаса керек-ті.

Қазақтан шыққан тұңғыш оқыған білімді қыздардың бірі Нәзипа Құлжанованың осы абайтану саласына қосқан үлесі туралы айтар болсақ, ол ең біріншіден, өз шәкірттеріне ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы, әдеби ортасы, ақын шәкірттері, оның әндері жөніндегі мағлұматы мол дәрістеріне қоса оларды насихаттаудағы еңбектерінің ерен екендігін ұғамыз.

Қос тілде қалам сілтеп, екі елдің руханиятынан молынан білім алған Н. Құлжанова ұлт ақыны Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұрым» атты өлеңдерін орыс тіліне тәржімалап бастырғаны жөнінде осы күнге дейін аңыз болып айтылғанымен, нақты аударма мәтіні жөніндегі ақпараттар болмаған екен.

Әдебиетші Елдос Тоқтарбайдың «Ұлтқа қызмет еткен (Нәзипа Құлжанованың абайтануға қосқан үлесі хақында)» деген мақаласында мынадай тың мәлімет берілген: «...Біз, осы журналды архив арқылы іздестіріп, Томбы қаласындағы кітапхана қорынан таптық (Кулжанова Н. Весна. Перевод стихотворения Абая //Журнал «Сибирский студент», 1915, №3-4, 82-83). Алдымен, сол өлеңнің жалпы мазмұнына назар аударайық:

Въ тихую ночь сіяла луна, дрожжа  
Отражалась въ воду, глубокой овраг за  
Ауломь рька, разливаясь, туть близко шумела.  
Густого льса листься шептались межъ собой,  
Не видно было и земли поль шелкомъ зелени густой.  
Помнишь, как лай собакъ и крики пастуховъ  
отлавались въ горахъ.

Дали аула навстрьчу мнь как на свиданье ты пришла,  
Как будто пльвя, незамьтно, то холодья, то горя.  
Затаивь дыханье, волнуясь,  
Настороживщись пугливо,  
Словь не спуская съ языка,  
Сь усиленно бьющимся сердцемъ,  
Стояла ты, опершись на плечо ко мнь,

И въ горль у тебя клокатали несказаннья слова, – деп аударған. Анығында, Нәзипа Құлжанова орысша сауаты жоғары, орыс әдебиетін терең таныған, білген. Қара сөзбен аударылған «Жазғытұрым» өлеңінің мазмұнын осылай ажарландырып, қазақ ақынын орыстарға алғаш танытқан болатын. Орыс әдебиетшісі А. Белослюдов Нәзипаның аудармасы жөнінде: «Интеллигентные киргизы говорят, что Абай открыль богатство родного языка: до него они думали, что киргизский языкъ очень бьдень Абай простыми словами понятными каждому киргизу.

Оригинальнѣя сочиненія Абая Кунанбаева собраны сыномъ его Туракуломъ, но на русскій языкъ еще не переведены и не изданы.

Изъ стихотвореній Алтынсарина въ русскомъ переводѣ мнѣ известно одно – «Весна». Изъ стихотвореній Абая Кунанбаева также одно – «О любви». Перевела эти два стихотворенія киргизка Назифа С. Кульджанова», – деп өз бағасын беріп, әдеби талдау жасаған. Қазақтың қайраткер қызы өзінің Абайға, Алаш ұлдарына деген сүйіспеншілік құрметімен осылай жақсы баға алған екен» [6]. Әрине, тыңнан табылған мәтін қазақ әдебиеті мен абайтану үшін үлкен табыс, мол қазына екені ақиқат. Келешекте өзге де аударма мәтіндері табылып жатса нұр үстіне нұр.

Енді абайтану саласына қосылар құнды мұралары өз даусымен жазылып алынған, қазақтың, оның ішіндегі Абайдың әндері екені белгілі. 1920-1924 жылдары музыка зерттеушілері А. Бимбоэс пен А.В. Затаевич Семейдің әншілер мектебінің шәкірті, ұлт мәдениеті мен өнерінің шынайы жанашыры Н. Құлжанованың орындауынан «Ғайни-ай, сәулем», «Қыздардың зары» және «Жылқылы бай» әндерін жазып алғаны, оларды нотасымен көрсетуі десек болады. Көрнекті музыка зерттеушісі А. Затаевич «1000 песен киргизского народа» (Орынбор, 1925) дейтін еңбегінде Н. Құлжановаға «қазақ қыздарының арасынан шыққан интеллигент, педагог, жазушы және аудармашы, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері», – деп жоғары баға берген деген деректер де ұлттық қазынамызға қосылған мұра [3, 57].

Қазақтың көрнекті суреткерлері Ж. Аймауытов, М. Әуезовтердің ұлағатты ұстаздары болған ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар осы халық әндері мен ұлы ақындар шығармаларын, ұлттық құндылықтарды насихаттап, әртүрлі кештер ұйымдастырып, халықтың рухани дүниесіне өлшеусіз үлес қоса отырып, олардан жиналған қаражаттың бірсыпырасын Санкт-Петербург, Қазан, Томбы, Омбы қалаларында білім алып жүрген жастарға жәрдем ретінде жүйелі түрде жіберіп отырған. Қазақтың қос қайраткері, ұлт зиялылары Құлжановтардың ұлтқа қызмет етудегі бұл ұстанымдары әрқашан ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Ұлылар ұластырған бұл ұлы міндетті кейін Мұхтар Әуезов жалғастырып, Семейдегі Географиялық қоғамның басшыларының бірі ретінде Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына арнап екі-үш күнге созылған үлкен әдеби кештің ұйымдастырушысы әрі жетекшісі болады. Бұл 1923 жылы Ленинград Мемлекеттік университетінің тіл тану мен материалдық мәдениет факультетіне Семей атқару комитетінің және оқу бөлімінің жолдамасы бойынша тапсырып, барлық сынақтан өтіп, түскен кезі болатын. Алайда бір семестрден соң-ақ Семейдегі педагогикалық техникумда және басқа да курстарға қазақ әдебиетінен сабақ беретін оқытушы табылмағандықтан кері шақырылып, М. Әуезов еліне қайтарылады.

Сол 1924-1925 жылдары Семей қаласында түрлі оқу орындарында әдебиет тарихынан дәріс бере жүріп, «Таң» журналында Абайдың «басылмаған сөздерін» жинап-теріп жарыққа шығарады, ұлы ақын өмірі мен шығармашылығы турасында жан-жақты сөз қозғайтын ғылыми баяндама жасайды. Қазақ халқының рухани мұрасын жинау мен жариялауда да белсенді қызмет атқарған Мұхтар Әуезов орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі төрағасының орынбасары, Семей Губкомы мен губерниялық атқару комитетінің органы «Таң» журналының техникалық редакторы болумен қатар өлкетану, әдебиеттану бағытында да маңызды қызметтер атқарады. Осы қоғамның 1924 жылы 26 қарашадағы жалпы жиналысының шешімімен Абайдың дүниеден өткеніне 20 жыл толуына байланысты салтанатты мәжіліс өткізу мәселесі қолға алынады. Комиссия сайланып, құрамына М. Әуезов, Ж. Шанин кіреді.

Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кеш М. Әуезовтің ұйымдастыруымен 1924 жылы желтоқсан айының соңғы күндерінде Абайдың көзі тірі әнші, ақын шәкірттері түгелге жуық қатысуымен жоғары деңгейде өтеді. М. Әуезов «Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны» деген тақырыпта баяндама жасайды.

Ұстазы, әйгілі педагог, алғашқы абайтанушы Нәзипа Құлжанованың бастамасымен өмірге келген ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби кеш сөйтіп, жалғасын тауып, қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай енді шәкірті Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен тағы да тарихтан орын алып, ұлттың рухани өміріндегі өшпес өнегелі іс болып өрісін кеңейтті.

**Нәтижелер.** Қазақтың қос қаламгерінің шығармашылықтарын байланыстырып, рухани үндестік танытқан Абай тақырыбы олардың ұлттық сөз өнеріндегі өзіндік қолтаңбалары да.

Біздің қарастырып отырғанымыз – абайтану саласының ардақты тұлғаларының өмір мен шығармашылықтарындағы байланысы болғандықтан кейбір естеліктерге де назар аударған дұрыс сияқты.

Белгілі ақын Мариям Хакімжанованың «Естен кетпес егіз бейне» деген естелігінде Мұхтар Әуезовтің жарқын бейнесі жақсы көрініс тапқан: «...Күн шығыс жақ беттегі сау қарағайдың арасында екі ақ үй тігулі. Оның бірі бас дәрігердің үйі де, екіншісі КазСовнаркомның жауапты қызметкері Сабыр Айтқожиннің үйі.

Бір күні Айтқожиннің әйелі Галя бізді үйіне ертіп апарды. Осы күнгі мәжілісте Өзденбаев Хасен (әдебиетші), профессор Морозов та болған еді. Морозовты Назекең: «Аяздың баласы» деп атайтын да. Жақын жердегі ауылдар саба-саба қымыздарын, қойларын сойып әкеп, демалып жатқан белгілі адамдарға қонақасы береді екен. Бүгін де сол сый-құрметтің бірі болатын. Етті жеп болып, қымыз ішіп отырғанымызда домалақ қара машина келіп, бас дәрігердің үйінің алдына тоқтады. Отырғандар, машинаның соңғы жағынан түскендерге таңырқаса қарасты. Алдымен қысқа мойын, жуан қара кісі түсті де, одан кейін бұйра шашты, кең маңдайлы, талдырмаш қара сұр жігіт түсті. Ал машинаның кабинасынан 15-16 жастағы қыз бала түсті. Киіз үйдің төрінде отырған Назекең:

– Апыр-ау, Мұхтар мен Кенжін ғой мына келген қонақтар, – деді.

Қонақтар біз отырған үйге кірген жоқ, бас дәрігердің үйіне түсті. Сабыр мен Назекеңдердің сөзіне қарағанда, Мұхтар ағайдың Ленинградтан босап келе жатқан беті екен. Қасындағы ертіп келгені үлкен қызы Мағаш болып шықты. Аздан кейін біз өз орнымызға тарастық. Сағат төрт кезінде медсестра келіп:

– Келген қонақтардың қызы демалуға келген екен. Шайдан кейін әйелдер палатасын аралап, қызына қолайлы орын қарамақшы. Бас дәрігермен екеуміздің ұйғарғанымыз сіздердің палаталарыңыз. Мына столды үйдің ортасына қойып, оның орнына койка қойсақ деген ойымыз бар. Сізбен келіс деп еді бас дәрігер, – деп Назекеңе қарады. Ойлана сөйлейтін Назекең:

– Қай қонақтың қызы екен ол, – деп сұрады.

– Қыздың фамилиясы Әуезова, – деп халатының қалтасынан жолдаманы алып көрсетті.

– Ә, Мұхтардың баласы болды ғой. Өзі жоқта жүдеп қалды деп әкеліп жүр-ау, қайран әке, – Назекең бір түрлі ұяң, мейірімді дауыспен.

Үй іші реттеліп, койка қойылғаннан кейін Мұқаң, қызы мен бас дәрігер, сестралар келіп, бізбен сәлемдесті. Назекеңмен Мұхтар аға әзіл-оспақ айтып, күлісіп мәз болып қалысты.

– Мына балалардың екеуі де өз балаңыз ба, – деп сұрады Мұқаң.

– Мына бала менің өз балам, Гүлжиһан ғой. Ал мына бала Мариям Хакімжанова деген жас ақынымыз. Шолпанымыздың ізбасары. КазПИ-дің жанындағы рабфактың студенті. Менің жерлесім деп таныстырды.

Міне, ұлы жазушы, атақты ғалым, парасатты ақыл иесі Мұхтар ағаны бірінші рет мен осылай көріп танысқан едім. » [3].

Бір үзік сырдың өзі ұстаз Нәзипа мен ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің кісілік қасиеттерін, ұстаз мен шәкірт арасындағы ғана емес Алаш зиялыларының үлкен жүректі, ұлтқа қызмет етудің үлкен-кішісі болмайтын кең өрістілігінен ой өрбітуімен құнды.

Енді Нәзипа Құлжанованың әдебиетке қатысты еңбектерін де атап өткен жөн.

Расында да, XX ғасыр басында қазақ әйелдерінің ішінен шыққан алғашқы педагог Нәзипа Құлжанованың Семейдегі оқытушылар семинариясында дәріс бере жүріп, Орыс география қоғамының Семей бөлімшесінде, 1920-1921 жылдарда Ақмола уездік комитетінде, «Қазақ», «Еңбекші қазақ» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Айқап», журналдарының редакцияларында жауапты қызметтер атқаруы нағыз ұлтжандылықты ұғындырады. Республика көлеміндегі әйелдер қозғалысына белсене атсалысып, жетекшілік жасауы, көптеген ауылдық, губерниялық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштыруға бастама көтеріп, оның бүкіл ұйымдастыру шараларын жүргізуі, шын мәніндегі, жанкешті қайраткерлік еңбекті танытады.

Жерлесі, рухани ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың кеңесімен ұлттық педагогика мен этнография мәселелеріне ғылыми тұрғыдан талдау жүргізген «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор, 1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927), «Баланы аурудан сақтандыру» деген еңбектеріндегі ұрпақ тәрбиесіне қатысты құнды ой-пікірлері бүгіндері де бағалы.

Ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан Н. Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабына жазған алғы сөзінде ұлт ұстазы А. Байтұрсынов: «...Нәзипа жолдастың кітабы мектеп жасынан бергі, екі жастан арғы балаларды тәрбиелеу үшін мәдениет жүзінде алда тұрған халықтар не істейтіні, бала тәрбиесі оларда қандай орын алып, қандай дәрежеде тұрғаны жайынан қысқаша мағлұмат береді...

...Жазушының мақсаты тәрбие туралы кітап шығару емес, бала тәрбиесіне ойын бөлегін адамдарға бала тәрбиесінің бағдарынан хабар беру екендігі кітап мазмұнынан көрініп тұр. Ол ойын жазушы орындап шыққан», – деп баға беріпті» [3]. Қазақ руханиятының көсемінен мұндай баға алу көпке бұйыра бермейтін бақыт.

Қазақтың қыздарынан тұңғыш шыққан қарымды қаламгер Н. Құлжанованың «Бір керек жұмыс», «Әдебиетімізге көз салу», «Ақын Шолпан», «Семей театры» секілді танымды туындылары да ұлт руханиятының ең көкейкесті мәселелерін қозғайды. Осы орайда Мариям Хакімжанова: «Нәзипа қазақтың тұңғыш журналист қызы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінің тұңғыш редколлегия мүшесі болған. Ленин қайтыс болғанда қазақ әйелдері атынан «Жоқтау» атты мақаласы «Қызыл Қазақстан» журналының бірінші санында жарияланған екен. 1930 жылдың басында Москваға барып, Н. К. Крупскаямен кездеседі. «...Нәзекең көркем шығарма жазу, әдеби сын жазу, аударма жасау, зерттеулер жүргізуге де қабілеті де, білімі де, тілі де, мәдениеті де жететін талантты да талапты саңлағымыздың өзі еді. Бірақ, денсаулығы мен білген кезде нашар болатын. Әсіресе жүрегінен жиі ауыратын. Қазақ халқының тұңғыш советтік ақын қыз Шолпан Иманбаеваны күндіктен босатып алған. Ол баспа бетінде жарияламаса да өлең жазған кісі көрінеді. Ол кісі өлеңді екі тілде бірдей жазушы еді дейді, кейбір білетін жолдастар. Әсіресе хат жазғанда өлеңсіз жазбайды екен. Әзірге менің қолыма Нәзекеңнің өлеңдері түсе қойған жоқ», – дейді [3]. Н. Құлжанованың республикада әйелдер қозғалысына ірі қозғау салған және көптеген ауылдық, губерниялық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштырған алғашқы зиялы жан екендігі де ұлтты мақтанышқа бөлері хақ.

Талантты тұлға, тегеурінді қаламгердің «Маржан», «Есіл қыз-ай!» сияқты көркем әңгімелері де ұлт әдебиетіндегі көркем прозаның алғашқы айшықты үлгілері.

Орыс, қазақ тілдерінде сөзге жүйрік болған, екі тілде де еркін қалам сілтеген сирек талант иесі Н. Құлжанова керемет аудармашы да. Оның ұлттың сөз өнерінде ең алғашқылардың бірі болып Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі мен Ыбырайдың «Көктем» өлеңін, Ғ. Мүсірепов шығармаларын орысшаға аударуы асқан білгірлікті, сөз танудағы талғампаздықты танытса керек.

Тіл білетін кісіге орыс тілінен қазақшаға аудару жеңіл болғанымен, қазақ тілінен тікелей орыс тіліне тәржімелеу оңайға түспесі анық. Екі елдің сөз байлығын терең меңгеріп, мағынасын төл туындыдай танып, аудару автордан асқан кәсібилікті де керек етсе керек. Бұл тұста Н. Құлжанованың В. Г. Короленконың «Күн тұтылғанда», М. Горькийдің «1905

жыл, январьдың 9-ы күні», А. Куприннің «Лапылдап жанған крейсер», А. Скиталецтің «Полевой сот» және Б.А. Лавреневтің «Қырық бірінші» дейтін повесін тәржімелеп, жинаған тәжірибесі өз қолтаңбасын танытады.

Ұлттық мәдениет, әдебиет, ғылым тарихында көрнекті педагог-оқымысты, журналист-көркемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың шығармашылығы жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негімов: «...Сондықтан да білім-ғылыммен мұздай қаруланған Н. Құлжанованың орыстың классикалық әдебиетімен етене таныстығы, суреткерлік зерде–санамен қабылдауы, орыс тілінің образдық-метафоралық жүйесін, табиғатын жыға түсінуі, астарын сұңғылалықпен тануы, яғни түпнұсқаның рухын, сырын, сұлулығын жүйріктікпен сезініп-түйсінуі (стилистикасын, синтаксисін, фразеологиясын, интонациялық-мелодикалық құрылымын, музыкалық архитектурасын) ұлт тілінде соншалықты әсерлі, мәнерлі, жатық сөйлеткен.

Түйіп айтқанда, аударма өнері ұлт әдебиетінің өркендеуіне, шеберлік сабақтарының гүлденіп тереңдеуіне, жалпыхалықтық, адамзаттық, ұлттық идеалдардың бір-бірлерімен жалғасып-сабақтасып, біртұтас құбылысқа, ортақ игілікке айналуына қызмет еткен саңлақ тұлға Нәзипа Құлжанованың ой қисыны, сөз қолданылуы және көркемдік мазмұнын «қыран көрегендікпен», білгірлікпен айшықты бажайлап кестелеуі, өрнектеп жеткізуі қызықтырады», – дейді [3].

Нәзипа Құлжановадан тәлім алған М. Әуезов жастайынан Абайды танып өскені оның көптеген ғылыми зерттеулеріне өзек бола алды. Оның абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістерін екі салаға қатар жіктеп қарастыра аламыз. Оның бірі ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеу болса, екінші бағыты Абайдың көркем бейнесін әртүрлі жанрада сомдау [7, 270]. «М. Әуезов – Абайды бала кезінен-ақ ерте тануға мүмкіндігі болған жан. Оның ақыл-ойы толысып, алғаш жазған мақаласы да Абайға арналған. Абайдың өзін көріп, онымен жақын жүріп таныс болған адамдардың айтуымен ақынның ғылыми өмірбаянын жазып алған да – М. Әуезов. Ақын шығармаларының санын арттырып, сапасын да жетілдірген, сөйтіп ақынның толық шығармалар жинағын дайындаған да – М. Әуезов. Абай өмірі мен мұрасын терең де толық танытып, «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Абай Құнанбаев» монографиясын жазып жариялаған да – М. Әуезов», – дейді әуезовтанушы М. Әліпхан [8, 32]. Ал саналы ғұмырын Абай мен М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арнаған М. Мырзахметов М. Әуезовтің тек қана Абай мұрасы айналасындағы ізденістері мен зерттеулері, көркем туындылары әрі ондағы әртүрлі айтылған, жазылған пікірлері, қолжазбалары, тезистері, баяндамалары, хаттары, сөйлеген сөздері, түрлі тақырыптағы тура, жанама пікірлерінің өзін жинастырып, жүйелесе көлемі жағынан 15 томдық басылым болары, ал әлі толық басылым көрмеген абайтану саласындағы мұрағат деректері де көлемі жағынан 30 баспа табақтан асып түсетіні сөзсіз екендігін бірнеше жылдан бері айтып та жазып та келеді [9].

**Қорытынды.** Мұхтар Әуезовтің ұстазы болған Нәзипа Құлжанованың қайраткерлігі, ұлтжандылығы туралы өз замандастары, Алаш қайраткерлерінің берген бағасына бір сәт көңіл аударсақ, шын мәнінде, ол кісідей бақытты жан болмаған, дер кезінде ардақталмаған адам болмаған сыңайлы.

С. Сейфуллиннің «Самұрық» (Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинаушы бірінші қазақ әйелдері комитетінің бастығы Нәзипаға тартамын) деген 7 тармақты өлеңі 1923 жылы 8 октябрьде жазылыпты. Сол кездегі газет-журналдарда «Нәзифа», «Нәзекең», «Нон», «Е.Е» деп жазғандары да көп кездескен [3].

Қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Нәзипаға арнаған өлеңіндегі:  
Ардақты бар Нәзипа деген ханым,  
Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса, сондай әйел оқысын деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.  
Неше күн қыдырсаң да таба алмайсың,  
Семейдің одан өтер адал жанын!», – деген жолдары кімнің де жүрегін толқытары хақ [3].

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-лингвист, түрколог, ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынов болса:

«Рақатсыз өтсе де өмір жасым,  
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым...  
...Тән көмілер, көмілмес өткен ісім,  
Ойлайтұғын мен емес бір күндігін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін», – деп қарындасына сырын ашып, мұңын шағып, өсиетін қалдырады [3]. Реті келгенде айта кетер бір жайт, 1909 жылы шілдеде жалған жаламен сотталып, Семей түрмесіне түскен Ахмет Байтұрсынов Нәзипаға түрмеде туған «Анама хат», «Нұқаға хат», «Нәзипа қарындасыма» дейтін өлеңдерімен қоса бірнеше қолжазбасын да берген екен. Оларды құпия түрде Ахмет Байтұрсыновтың анасына Торғайға жөнелткен Нәзипаның ерлігі де естен кетпес, елінің ертеңі үшін өмірін құрбандыққа шалған жанкештілікті танытады. Бұл деректердің бәрі жоғарыда аталған жинақтағы филология ғылымдарының докторы Рахима Сыздықованың «Нәзипа Құлжанованың өмірі мен шығармашылығы туралы» деген мақаласынан алынды.

Тағы бір ерекше тоқталар дерек, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы абайтанушы, педагог, аудармашы, журналист, қарымды қаламгер Нәзипа Құлжанова Қазақстанда әйелдер қозғалысын өрістетуге ісіне белсене араласқан, әйелдер бөлімінің жұмысына үлкен үлес қосқан адам, қоғам қайраткері. Шығыс әйелдерінің I съезін ұйымдастыруда атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Республиканың жер-жерінде әйелдер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге аянбай атсалысқан. Ұстаз, ағартушы, журналист, аудармашы, жазушы қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, қазақ әйелдері комитетінің тұңғыш ұйымдастырушысы Нәзипа Құлжанованың Алаштың даңқты қайраткерлерінің арасында таңдаулы орынды иеленгені көптеген зерттеушілердің еңбектерінде арнайы қарастырылған.

Ал ұлы Абайды әлемге танытқан қаламгер М. Әуезовтің тарихи-мәдени мұрасы сарқылмас қазына деп бағаланады [10, 24]. Бүгінде М. Әуезовтің абайтануға қосқан үлесі тек қазақ ғалымдарының ғана емес, шетелдік ғалымдардың да назарында. Назарбаев университетінің профессоры Габриель Макгуайр: «Әуезов кейінгі еңбектерінде де Абайды сөз өнері мен гуманизмнің байланысын түсінудегі түрлендіруші ретінде көрсетуді жалғастырды. Сонымен қатар ол бұрынғы ақындарға айтылған қатал сынды да қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары мен тақырыптарын кешенді зерттеулермен алмастырды», – дейді [11, 2].

Н. Құлжанова мен М. Әуезовтің абайтану ғылымының дамуы мен қалыптасуына сіңірген еңбектері әлі де терең зерттеп-зерделеуді қажет ететін келелі тақырып.

### Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Мұражай қоры, № 382-папка.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. Бас ред. С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ. Майтанов, Н.Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б. (2011). – Алматы: Атамұра. – 688 б.
3. Құлжанова Н. (2014). Шығармалары: (мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар). – Алматы: Ана тілі. – 384 б.
4. Әуезова Л. Біздің Мұхтар //Құраст. Б. Сахариев. М.О. Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы. – 1976. – 430 бет.
5. Әуезов М. (1914). Қазақ халқының ұлы ақыны // «Айқап» журналы. №4 // Айқап: энциклопедия / құраст.: Ү. Субханбердина, С. Дәуітова. Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.

6. Тоқтарбай Е. (2020). Ұлтқа қызмет еткен (Нәзипа Құлжанованың абайтануға қосқан үлесі хақында) // «Ана тілі». №33.20-26 тамыз, –12 бет.
7. М.О. Әуезовтің Абай және текстология мәселелері туралы қолжазбалары: Ұжымдық монография. – Алматы: «Evo press» баспаханасы, 2022. – 304 б.
8. Әліпхан М. Абай танымы мен тағылымының өзегі М.Әуезов зерттеуінде // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б.21 – 33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>
9. Мырзахметұлы М. Абайтану. – Астана: Деловой мир, 2010. – 554 б.
10. Мұқашева М. Мектеп қабырғасында М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту [Teaching M. Auezov's Epic Novel «The Way of Abai» at School] // 2023 жылдың маусымы, Мәдени-тарихи мұраны сақтау презентациясы. Цифрландыру, 9(1):24-36. <https://www.doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102> (ағылшын).
11. Макгайер Г. Ақын аға? Абай жолы социалистік реализм және әдебиет тарихы ретінде [Abai Zholy as socialist realism and as literary history] // Еуразиятану журналы № 1 (2018): 2-11 (ағылшын).

**Г.Ж. ПИРАЛИ, А.П. КУРМАНБАЙ, Ж.Б. САРСЕНБАЕВА**

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

### **РОЛЬ НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ И МУХТАРА АУЭЗОВА В СТАНОВЛЕНИИ НАУКИ АБАЯВЕДЕНИЯ**

**Аннотация.** Известно, что Мухтар Ауэзов – учёный, заложивший основы науки абаяведения, проводивший систематические исследования и оказавший большое влияние на развитие этой области. С момента встречи с великим поэтом в детстве писатель-учёный, выросший на учении Абая, повлиял на его успехи, пролив на этом пути немало пота. При этом огромную роль сыграла Назипа Кулжанова, решившая своей активностью и смелостью во время движения «Алаш» многие проблемы, занимавшаяся просвещением. Н. Кулжанова открывший глаза многим членам Алаша и давший им образование. Н. Кулжанова много работала, чтобы ее ученики познакомились с Абаем и поняли его учение.

В статье акцент сделан на пути преподавателя Н. Кулжанова и ее ученика М. Ауэзова в формировании науки абаяведения и популяризации его творчества на двух языках. Обсуждается основа издания журнала «Абай». Об изучении речь песен Абая пойдет более подробно. Дифференцирована работа, проделанная ими на пути формирования науки об абаяведения. Н. Кулжанова первый учёный абаявед из числа казахских девушек. В статье показаны и другие занятия Н. Кулжановой на пути просветительства. Уделено внимание его поэтическим, писательским, педагогическим, переводческим работам.

**Ключевые слова:** абаяведения, алашология, архив, исторические данные, текст, публицистика.

**G.ZH. PIRALI, A.P. KURMANBAI, ZH.B. SARSENBAYEVA**

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

### **THE ROLE OF NAZIPIA KULZHANOVA AND MUKHTAR AUEZOV IN THE FORMATION OF THE SCIENCE OF ABAYAN STUDIES**

**Annotation.** It is known that Mukhtar Auezov is a scientist who laid the foundations of the science of abaya studies, conducted systematic research and had a great influence on the development of this field. From the moment he met the great poet in childhood, the writer-scientist, who grew up on the teachings of Abai, influenced his successes, shedding a lot of sweat along the way. In this case, Nazipa Kulzhanova played a huge role, who, with her activity and courage during the Alash movement, solved many problems and was involved in education. N. Kulzhanova, who opened the



eyes of many members of Alash and gave them an education. N. Kulzhanova worked hard so that her students met Abai and understood his teachings.

The article focuses on the path of teacher N. Kulzhanova and her student M. Auezov in the formation of the science of abaya studies and the popularization of his work in two languages. The basis for publishing the Abai magazine is discussed. The study of Abai's songs will be discussed in more detail. The work done by them on the path to the formation of the science of abaya studies is differentiated. N. Kulzhanova is the first scholar of abaya studies among Kazakh girls. The article also shows other activities of N. Kulzhanova on the path of enlightenment. Attention is paid to his poetic, writing, pedagogical, and translation works.

**Acknowledgments:** The article was prepared in the framework of fundamental scientific research BR20281009 «Relevant research issues of modern literary studies and art criticism».

**Key words:** Abay studies, Alash studies, archive, historical data, text, journalism.

## References

1. Auezov M. Museum fund, folder No. 382.
2. Encyclopedia of Mukhtar Auezov. Chief ed. S. Kaskabasov; ed. board: B.K. Maitanov, N.E. Akbay, R. Abdigulov et al. (2011). – Almaty: Atamura. – 688 p.
3. Kulzhanova N. Works: (articles, essays, pedagogical ideas, translations). – Almaty: Ana tili, 2014. – 384 p.
4. Auezova L. Our Mukhtar //Compilation. B. Sakhariev. M.O. Memories of Auezov. – Almaty: Writer. – 1976. – 430 p.
5. Auezov M. The great poet of the Kazakh people // «Ауқар» magazine. №4 // Ауқар: encyclopedia / compiled by: U. Subhanberdina, S. Davitova. Chief ed. R. N. Nurgaliev. – Almaty: Kazakh encyclopedia, 1995. – 366 p.
6. Toktarbai E. Served the nation (about Nazipa Kulzhanova's contribution to education) // «Ana tili». No. 33. August, 2020, 12 pages.
7. M.O. Auezov's manuscripts about Abay and textology problems: Collective monograph. – Almaty, «Evo press» publishing house, 2022. – 304 p.
8. Aliphan M. Abaitanymy men tagylymynynozegi M. Auezov zertteuinde [The Essence of Knowledge and Edification of Abai in the Study of M.Auezov] //Iasui universitetinin habarshysy. – 2022. – №1(123).– B.21 – 33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>
9. Myrzakmetov M. Abaytanu. – Astana: Delovoi Mir, 2010. – 554 p.
10. Mukasheva M. Teaching M. Auezov's Epic Novel «The Way of Abai» at School //June, 2023, Cultural and Historical Heritage Preservation Presentation Digitalization, 9(1):24-36. <https://www.doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102> (eng).
11. McGuire, Gabriel. "Aqyn agha? Abai Zholy as socialist realism and as literary history." Journal of Eurasian studies 9, no. 1 (2018): 2-11 (eng).

## Авторлар туралы мәлімет:

**Пірәлі Гүлзия Жайлауқызы** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Пирәли Гүлзия Жайлауовна** – главный научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

**Pirali Gulziya Zhailauqyzy** – Chief Researcher at the Institute of Literature and Art named after. M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan.

**Құрманбай Айжан Пердебекқызы** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Курманбай Айжан Пердебековна** – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

**Kurmanbay Aizhan Perdebekqyzy** – Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

**Сәрсенбаева Жансұлу Баденқызы** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Сарсенбаева Жансұлу Баденовна** – научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

**Sarsenbayeva Zhansulu Badenqyzy** – Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.